



# "АСМУ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" ЖШС



[+7 708 425 0059](tel:+77084250059) (Тіркеу бөлімі)  
[+7 708 425 1665](tel:+77084251665) (Ақылы бөлім)  
[+7 775 726 6165](tel:+77757266165) (Пациенттерге қолдау көрсету қызметі)




@mua\_medicalcenter



# Қазіргі уақытта орталық медициналық қызметтердің кең спектрін ұсынады:

Университеттің Сарыарқа даңғылы 33 мекенжайындағы оқу корпусының ғимаратында жалпы практика дәрігерінің (5 учаске) және педиатрдың қабылдау кабинеттері, терапиялық (кардиолог, эндокринолог, гастроэнтеролог, невропатолог (ересек, балалар), фтизиатр, дерматолог) және хирургиялық бейіндегі (хирург, травматолог, офтальмолог, оториноларинголог) мамандардың кабинеттері, акушер-гинеколог, маммолог, онколог дәрігерлерінің қабылдау кабинеттері, функционалдық диагностика кабинеттері (ЭКГ, АҚТБ, Холтер мониторингі, спирография), ультрадыбыстық диагностика кабинеті, оңалту бөлімшесі және күндізгі стационар кабинеттері орналасқан. Пациенттерге заманауи офтальмологиялық жабдық, LOR – комбайн, стоматологиялық қондырғы, физиотерапия, массаж және емдік дене шынықтыру жүргізуге арналған жабдық ұсынылады.



# Медициналық орталықтың филиалдары

Қазіргі уақытта медициналық орталық университеттің 2 оқу корпусының базасында жұмыс істейді (МО-ның негізгі бөлігі Сарыарқа даңғылы 33 мекенжайында орналасқан).

Студенттерге қызмет көрсетудің ыңғайлылығы үшін университеттің бас корпусында (Бейбітшілік көшесі, 49) дәрігердің қабылдау кабинеттері мен емшара кабинеті бар медициналық пункт ашылған.

Жақын арада университеттің оқу корпусында студенттерге арналған медициналық пункт ашу жоспарлануда (Абай даңғылы, 47).

Болашақта Орталықтың барлық бөлімшелерін жоғары мамандандырылған амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық көмек көрсету үшін ресурстары бар көпбейінді медициналық орталыққа біріктіру жоспарлануда.




# Медициналық орталыққа тіркелген студенттер үшін жағымды жақтар

Медициналық қызметтерді  
алудың қадамдық  
қолжетімділігі



МӘМС және ТМККК шеңберінде  
тегін қызметтер

- Санитарлық кітапшаларды қоса  
алғанда, барлық ақылы  
қызметтерге **-20%** жеңілдік



Жылына **1** рет тегін  
флюорографиядан өту

# «eGov mobile» мобильді қосымшасы арқылы біздің медициналық орталыққа қалай тіркелуге болады?



1. Жеке кабинетке кіріңіз



2. «Денсаулық сақтау» бөлімін таңдаңыз



3. «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу» қызметін табыңыз



4. Ауданды, «АСМУ медициналық орталығы» ЖШС медициналық ұйымын, учаскені таңдаңыз, тіркелу себебі «Көшу»

# ЖЕКЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПШАНЫ РЕСІМДЕУ

1

Білім алушылар бірыңғай үлгідегі жеке медициналық кітапшаның бекітілген нысанын алады.

2

Білім алушылар жеке медициналық кітапшаны мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде толтырады. Төлқұжат деректерінде жеке куәлік немесе төлқұжат бойынша жеке медициналық кітапшаның иесі туралы мәліметтер, мамандығы мен лауазымы, жұмыс орны, туған күні, тұрғылықты жері, оның жеке қолы, жеке медициналық кітапшаның сериясы мен нөмірі көрсетіледі.

3

Жеке медициналық кітапшаны тиісінше толтырғаннан кейін білім алушы «АсМУ» МО ЖШС тіркеу бөліміне жүгінеді.

- жеке куәлікке немесе төлқұжатқа сәйкес сәйкестендіруден өтеді;
  - қызмет құнын төлейді;
- жеке медициналық кітапшадағы иесінің фотосуреті медициналық тексеру жүргізген денсаулық сақтау субъектісінің мөрімен бекітіледі.
  - Тіркеу бөлімінде кабинеттердің орналасқан жері мен нөмірлерін көрсете отырып, міндетті зертханалық-диагностикалық зерттеулерден өтуге арналған бағыттау парағы беріледі.

4

Жеке медициналық кітапша иесінің рентгенологиялық тексеру нәтижесі (флюорография) рентген суретімен және дәрігердің аты-жөні көрсетілген, қолы мен мөрі қойылған қорытындымен жеке медициналық кітапшаға енгізіледі.



# ЖЕКЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КІТАПШАНЫ РЕСІМДЕУ

5

Зертханалық зерттеулердің:

- патогенді стафилококты тасымалдау;
- гельминт жұмыртқасын;
- бактериологиялық зерттеу және вирустық гепатит маркерлеріне тексеру;
- АИТВ, микрореакция нәтижелерін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымның маманы аты-жөнін көрсете отырып, зертханалық зерттеулер жүргізген ұйымның мөрімен енгізеді.

6

Дәрігерлік қарап тексерудің нәтижесі жеке медициналық кітапша иесінің венерологиялық ауруларға зертханалық зерттеулерден алынған деректер негізінде дерматовенеролог дәрігердің аты-жөні көрсетіліп, жеке қолы мен мөрі қойылған қорытындысымен енгізіледі.

7

Медициналық дәрігерлік тексеру нәтижелері бойынша терапевт дәрігердің аты-жөнін көрсете отырып, жеке қолы мен мөрі қойып қорытынды шығарады.

8

Жеке медициналық кітапшада күні, маманның аты-жөні, қолы және «АсМУ медициналық орталығы» ЖШС мөрі көрсетілген жұмыс істеуге рұқсат мерзімі көрсетіледі. Жұмыс істеуге рұқсат 6 ай, 1 жыл мерзімге, рентгенологиялық тексеру (флюорография) нәтижелері 1 жыл мерзімге беріледі.

## Ескерту:

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 86-бабының 5-тармағына сәйкес – Халықтың декреттелген тобы өз қаражаты есебінен немесе тараптардың келісімі бойынша жұмыс берушінің қаражаты есебінен міндетті медициналық тексеруден өтеді.



### Туберкулездің алдын алу шаралары, флюорографиялық тексеруден өту алгоритмі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-214/2020 «Туберкулездің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес туберкулезге флюорографиялық тексеруден мынадай контингенттер өтеді:

81-тармақ. Туберкулезге міндетті жыл сайынғы флюорографиялық тексеруден өтуі тиіс адамдардың тізбесі:

- 1) жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері, колледж білім алушылары;
- 2) 2) 15-17 жастағы балалар;
- 3) 3) Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдар;
- 4) 4) Қазақстан Республикасына уақытша тұруға, оның ішінде еңбек көші-қоны бойынша келген адамдар.




### Тырысқақтың алдын алу шаралары

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы №01-1-21/388-вн Қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағына алыс және жақын шетелдердің эндемиялық елдерінен келушілер тырысқақтың алдын алу және таралуын болдырмау мақсатында тырысқаққа тексеру талдауларының нәтижелерін (ұсыну мерзімі Қазақстан Республикасының аумағына келген сәттен бастап 10 күн) ұсыну қажет.



# Сырқаттануға байланысты сабақтан босату туралы анықтама



«АсМУ» медициналық орталығының дәрігерлері сырқаттануға байланысты сабақтан босату туралы анықтаманы білім алушы өтініш берген күннен бастап және айғақтар болған кезде ғана ашады.



Жарақат алған жағдайда «№ 3 көпбейінді қалалық аурухана» ШЖҚ МКК (А.Молдағұлова к-сі, 26б) немесе «Академик Н. Д. Батпенев атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы» ШЖҚ РМК (Абылайхан даңғылы, 15А) жанындағы травматологиялық пунктіге жүгіну қажет, травматологтың қорытындысы негізінде білім алушыға еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама ресімделеді.



Жұқпалы аурулардың белгілері (ЖРВИ, қызылшаға күдік, желшешек, көкжөтел, коронавирустық инфекция және т.б.) болған жағдайда білім алушы фильтр кабинетіне жүгінуі қажет (Сарыарқа 33). Хал-жағдайы нашарлаған жағдайда ЖМК шақырту қажет.



Медициналық анықтама «өткен күнмен» жазылмайды (яғни, егер білім алушы ауруына байланысты сабаққа қатыспаса және ауру кезінде медициналық көмекке жүгінбесе).



Медициналық орталық 037/е нысаны бойынша еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама береді (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 18 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-198/2022 бұйрығы).

\* Университеттің медициналық орталығында келесі анықтамалар расталмайды:

- басқа ұйымдарда амбулаториялық немесе стационарда тексеруден өткендердің;
- бір күндік-басқа амбулаториялық-емханалық ұйымдардың, медициналық орталықтардың;
- еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтамалар білім алушының нақты тіркелген жері бойынша амбулаториялық-емханалық ұйымдардан ғана қабылданады.

# Білім алушы-шетел азаматтары үшін

- Университетте оқу уақытында «АсМУ медициналық орталығы» ЖШС медициналық ұйымын таңдаумен міндетті медициналық сақтандыру. Ұсыну мерзімі Қазақстан Республикасының аумағына кірген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде.
- медициналық сақтандыру ұсынылмаған жағдайда білім алушы практикалық сабақтарға жіберілмейді, кейіннен ақылы негізде сабақтарға қайта қатысады («АсМУ» КеАҚ-тың 2023 жылғы 8 желтоқсандағы Академиялық саясатына сәйкес).
- Университет басқа елдер мен республикалардан және басқа медициналық ұйымдардан сабаққа қатысуға рұқсат алу үшін берілген анықтамаларды қабылдамайды.
- білім алушы сақтандыру компаниясымен сақтандыру шартын ресімдеу үшін «АсМУ» КеАҚ-тың жауапты қызметкеріне жүгінеді, оны одан әрі тіркеу үшін медициналық орталыққа береді.



# Жұмыс кестесі

Сарыарқа даңғылы 33



Дүйсенбі-жұма 08:00-ден 20:00-ге дейін



Сенбі 09:00-ден 18:00-ге дейін



Жексенбі демалыс

Бейбітшілік көшесі, 49 (медициналық пункт)



Дүйсенбі-жұма 08:30-дан 19:30-ға дейін



Сенбі-жексенбі демалыс